Кулабекова Гульшат Камарбековнаның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.Ш.Алметовтың

ПІКІРІ

Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақтан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауында алға қойылған адам капиталын дамытудың жаңа міндеттері, Қазақстан Республикасы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында алға қойылған оқушы және студент жастарды тәрбиелеудің жаңа концептуалды міндеттері, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген болашақ мамандар тәрбиесі, педагог кадрларды тәрбие жұмыстарында кәсіби даярлаудың міндеттерімен анықталады. Ұл бала-ер жігіт тәрбиесі қазақ отбасында, Ұлы дала этнопедагогикасында әрқашанда өзекті тақырып болған, ал қазіргі өзгермелі әлемнің өмірлік шындықтары, жаһандану, қоғамның цифрлық трансформациялануы жағдайларында бұл мәселе жан-жақты теориялық зерттеуді және практикалық тұрғыдан тиімді шешімдерді қажет етеді.

Цифрлы ұрпақты тәрбиелеу практикасы ұл бала-ер жігіт тәрбиесімен байланысты тәжірибелік мәселелермен, күрделі педагогикалық құбылыстарға тап болуда. Диссертант білім беру саласы практиктерінің ұл бала-ер жігіт тәрбиесі бағытындағы әрекеттерінің белгілі дәрежеде пайдалы, әрі тиімділігін мойындай отырып, жаңа педагогикалық шындықтардағы көптеген мәселелер өзінің ғылыми тұрғыдан негізделген шешімін күтіп тұрғандығын нақты эмпирикалық фактілер арқылы атап көрсетеді. Ал, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау диссертантқа аталмыш мәселенің қазіргі заман тұрғысынан аз зерттелінгені туралы негізді қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын зерттеу мәселесі теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады, ал жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлау үдерісінің осы аспектісіне ерекше назар аударудың қажеттілігі арта түседі.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының мәселесі қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітке байланысты тәлім-тәрбиелік идеялардың болуы және олардың осы уақытқа дейін жіті зерттелмеуі аралығындағы; ұл бала-ер жігіт туралы ұлттық ұғымдардың болуы мен олардың ғылыми-педагогикалық айналымға енгізілмеуі және болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлауда қолданылмауы аралығындағы қайшылықтардан туындайды.

Ізденуші қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу үдерісін теориялық негіздеу, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау және болашақ мұғалімдерді даярлаудағы оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру мақсатын алға қойған.

Диссертацияның құрылымы зерттеудің кешенді сипаты мен логикасына, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Зерттеліп отырған мәселені шешу барысында қазіргі педагогикалық теориядағы заманауи білім беру парадигмаларына негізделе ізденуші қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған.

Ізденуші қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу мәселесіне арналған ғылыми педагогикалық, психологиялық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау негізінде мынадай жаңа, шынайы нәтижелерге қол жеткізген:

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған;
- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындаған;
- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің модельдерін әзірлеп, теориялық тұрғыда негіздеген;
- жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогресивті тәжірибелерін пайдаланудың мазмұны мен әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеген.

Жүргізілген теориялық зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелерін талдау ізденушіге қазақ халық педагогикасы негізінде жасалған ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы және оны жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды мектептегі тәрбие жұмысына кәсіби даярлауда пайдалану бойынша негізді теориялық және практикалық қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген.

Ізденуші зерттеу барысында әзірлеген қазақ халық педагогикасы негізінде жасалған ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің озық үлгілері және оларды оқушы және студент жастарды тәрбиелеу жүйесінде пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу барысында алынған нәтижелерді мектептер және педагогикалық жоғары оқу орындарының тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін.

Алынған нәтижелердің сенімділігі мен дәлелділігі қазіргі заманғы тәрбие әдіснамасының тұғырларын басшылыққа алумен, этнопедагогиканың теориялық және әдіснамалық тұжырымдарына негізделумен, зерттеу мақсатына сәйкес ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіс-тәсілдердінің кешенін және психодиагностикалық әдістемелерді (Т.Лири, Ю.А.Решетняк, Г.С.Васильченко беімдеген «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі, С.Бем «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі және т.б.)

қолданумен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мақсатқа сәйкестілігімен, сонымен қатар нәтижелерін өңдеуімен және алынған деректерді математикалық статистикалық әдістер көмегімен талдау қорытындысымен қамтамасыз етілген.

Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен пікірлерді автор Scopus базасына енген «Opción, Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año» журналында, ҚР БжҒМ БҒСҚК тізіміне енген ғылыми-педагогикалық журналдарда («ҚазҰПУ хабаршысы: педагогика сериясы», «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы» ғылыми журналы, Научный журнал «Вестник Академии Педагогических наук Казахстана») және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында (Киото, 2018; Сеул, 2018; Минск, 2018; Алания, 2018; София, 2019; Сиэттл 2022; Глазгов, 2024; Марсель, 2025; Астана, 2018; Шымкент, 2019,2024 және т.б.), шет елдік ғылыми басылымдарда) мақалалар түрінде жарық көрген. Диссертант әзірлеген «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курстың бағдарламасы мен әдістемесі, қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі негізінде ұл бала-ер жігіт тәрбиесі бойынша әдістемелік нұсқаулар Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті бакалавриаттың 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарының оқу-тәрбие үдерісіне ендірілген.

Диссертациялық жұмыстағы барлық ережелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігі, зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы, диссертацияның тұтастығы, аяқталғандығы, дұрыстығы, жұмыстың педагогикалық теория мен практика үшін маңыздылығы Кулабекова Гульшат Камарбековнаның «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын ашық түрде қорғауға ұсынуға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор **Алметов Н.Ш.**

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ҚҰЛЫҢ РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы